

МРНТИ 16.21.47

А.Досмайлова¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы, Қазақстан

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕФИНИЦИЯ МЕТАМӘТІНІНІҢ ТІЛДІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Аннотация. Терминологиялық дефиниция метамәтін ретінде қарастырылып, дефиниция метамәтіннің тілдік қызметтері сараланды.

Дефиниция мәтін құру процесінің әр кезеңінде көрініп отырады. Ғылыми мәтіннің толық құрылымына кіреді және оған бағынады, мәтіннің құрамында шағын болады. Сондықтан дефиниция ғылыми мәтін құрамының ажырамас бөлігі метамәтін ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: Дефиниция, мәтін, метамәтін, метатіл.

А. Досмайлова

научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
канд. филол. наук, Алматы, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ МЕТАТЕКСТА ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ДЕФИНИЦИИ

Аннотация. Терминологическая дефиниция рассматривается как метатекст в тексте, анализируются языковые функции метатекста дефиниции.

Дефиниция проявляется на каждом этапе процесса создания текста. Входит в полную структуру научного текста и подчиняется ему, встречается в тексте в небольшом объеме. Поэтому дефиниция рассматривается как метатекст, т.е. неотъемлемой частью состава научного текста.

Ключевые слова: дефиниция, текст, метатекст, метаязык.

A. Dosmaylova

Researcher at the A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Candidate of Philology, Almaty, Kazakhstan

LINGUISTIC FUNCTIONS OF THE METATEXT OF THE TERMINOLOGICAL DEFINITION

Annotation. Terminological definition is considered as metatext in the text. The linguistic functions of the definition metatext are analyzed.

Definition manifests itself at every stage of the text creation process. It enters into the full structure of the scientific text and obeys it, has a small composition of the text. Therefore, the definition is viewed as a metamatic part of the scientific textual composition.

Keywords: definition, text, metatext, metalanguage

Ғылыми мәтін құрылымында дефиниция мен терминдер ерекше орын алады. Олар өзара байланыста болып, ғылыми стильдің қалыптасуын, оның жоғары ақпараттылығын, семантикалық, синтаксистік ықшамдылығын қамтамасыз етеді. Ғылыми мәтін дефиницияның табиғи даму ортасы десек те болады. Бұл ретте «Мәтіндегі мәтін» ұғымы маңызды роль атқарады. «Мәтіндегі мәтін» метамәтіндегі табиғи тілдің пайда болуына метатілдік қызмет әсер етеді.

Біздің ойымызша, лингвистикалық терминдерді зерттеуде оларды тек терминдер жүйесінде емес одан да кеңірек, метатіл жүйесінде зерттеу қажет. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану деңгейі әртүрлі болады. Қоғамда адамдар көбіне тілді тілдесім деңгейінде ғана қолданады. Ал қоғамның бір әлеуметтік тобы тілді тек қарым-қатынас құралы емес, ізденістер жүргізу үшін де қолданады және сол тілде, тіл туралы ғылыми тілдесім жасайды. Тілдің құрамындағы осы тілді метатіл деп атайды. Метатіл термині алғашқы кездерде тар мағынада – логика және математика ғылымдарындағы қосалқы, жасанды тіл ұғымында қолданылып келген болатын. Бертін келе терминнің мағынасы кеңейіп, ғылым салаларының бәрінде нақты ғылым тілі мағынасында қолданыла бастады. Метатіл негізі қолданушы субъектінің өмірлік көзқарасын толығымен айқындайды, ғылыми білімнің берілуі мен сақталуына ықпал етеді. Метатіл әрбір тіл жүйесі сияқты, ғылымның ұғымдық аппарат эволюциясы мен дамуының ылғи өзгеріп отыратынын көрсететін жабық субстанция болып табылмайды. Терминнің күрделі құрылымы метатілдің бір бөлігі ретінде, терминологияның көпәспектiлiгiн айқындайтын жан-жақты қорытындысы ретінде қарастырылады.

Тілдің өзі нысан ретінде алынатын зерттеулерде тіл білімі терминдер жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Мамандар арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікірлер әртүрлі: метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл [1, 7 б.], «метатіл» – ерекше семиологиялық жүйе [2, 3 б.], тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс және т.б. [3, 297 б.].

Ғ. Қалиев мынадай анықтама береді: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып, әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр. Метатіл ғылыми қатынас құралы ретінде соған сай метасөйлеуде нақты байқалады. Метатіл мен метасөйлеудің өзара қатынасы лексикографиялық құралдарды жасауда белгілі бір терминдерді түсіндіру үшін, сөздік мақалаларына метасөйлеудің үзінділерін кіргізіп отырудан көрінеді. Мысалы, «мағына» термині метасөйлеуде қолданылатын бірнеше сөз тіркестерімен сипатталады: «тілдік мағына», «ауыспалы мағына», «сөз мағынасы» т.б. Терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретіндегі нақты сөйлеу қызметінде толық ашылады» [4, 213 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей ғылымның әрбір саласы үнемі дамып, жетіліп отыратыны белгілі. Тіл білімінің лексикография саласы да уақыт талабына сай ұдайы өзгеріс үстінде болады. Метатіл мәселесін зерттеумен арнайы айналысқан орыс ғалымы Н.Б. Гвишиани лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте былай дейді: «Тіл білімінің метатілі, бір жағынан терминдердің жүйелік қатынастарына, екінші жағынан жалпылама ғылыми лексикаға, яғни тілтанымдық зерттеулердің түрлі аспектілерін сипаттауға қажетті сөздер мен сөз тіркестеріне негізделетін күрделі құбылыс» [5, 220 б.]. Ғалым Н.Б. Гвишиани «К вопросу о метаязыке языкознания»

атты ғылыми мақаласында қоғамдық ғылымдардың арасында тіл білімінің алатын орнының ерекше екенін айта келіп тіл біліміндегі ғылыми зерттеудің үш кезеңін атап көрсетеді:

- 1) тілдік деректерді зерттеу;
- 2) ұғымдарды қалыптастыру;
- 3) метатіл жасау.

Тіл білімінің метатілі – тілтанымдық талдаудың ақырғы кезеңі болып табылады [6, 65 б.].

М. Малбақов метатіл ұғымын, лексикографияның және сөздіктің метатілін зерттей келе метатіл ұғымын лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылады деген тұжырым жасайды: «Бірінші, жалпы, кең мағынадағы бірінші дәрежелі метатіл – белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни сөздіктің метатілі болып шығады. Екінші метатіл – тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшірілгенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі яғни лексикографияның метатілі болып табылады» [7, 16 б.]. Лексикографиялық аппарат атауларына, олардың атқаратын қызметіне, өзара қарым-қатынас, сөздіктегі қолданыс ерекшеліктеріне қатысты мәселелерге тоқталады.

Термин семантизациясының қызметі ретінде және оның ғылыми мәтіндерде берілуі кезінде метатіл қызметі ерекше қызмет атқарады. Метатіл – металингвистиканың зерттейтін объектісі, ал металингвистика – тілді қолданушы адамдардың санасымен, қоғамдық өмірімен байланысты тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Металингвистика тіл бірліктерінің табиғаты функциялық заңдылықтарын түсіндіруде аса маңызды орын алады. Металингвистиканың қарастыратыны: сөздің қабылдануы, әртүрлі тілдік мәнмәтіндерде болуы мүмкін ассоциативті жайттарды анықтау, семантикалық тұрғыда саралау логикасы, тілді меңгеру заңдылықтары, сондай-ақ адамзат тілін нысан етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл туралы ғылым. Дефиниция мәтін құру процесінің әр кезеңінде көрініп отырады. Ғылыми мәтіннің толық құрылымына кіреді және оған бағынады, мәтіннің құрамында шағын болады. Сондықтан дефиниция ғылыми мәтін құрамының ажырамас бөлігі метамәтін ретінде қарастырылады.

Метамәтін әртүрлі ұғымды береді, сондықтан да тіл білімінде бірқатар пікірлер бар. Лингвистер метамәтінге әртүрлі анықтама береді, мұнда метамәтінге «кең» және «тар» мағынада берілген анықтамаларды айтуға болады. Мәтінді қабылдау процесінде мәліметті өңдеу тәсілдерінде немесе мәтін құру кезіндегі тілдік құралдарды пайдаланып авторлық түсінік беру. «Кең» мағынада метамәтін ұғымы ғылыми шығарманың құрылымын құрастырады және автордың мақсатын береді, «тар» мағынада метамәтін тіл туралы пікірлердің жиынтығы. Ғылыми мәтін тілінде терминдер жиі қолданылады, метамәтін тілдің белгілі бір бөлігін интерпретациялайды. Интерпретацияның негізгі нысаны тіл бірлігі ретінде термин болып табылады, рефлексік процестер ғылыми коммуникация шарттарында іске асады. Бұл жағдайда білімді экспликациялау дефиниция арқылы жүзеге асады.

Мәтінді жазушы автор өз мақсатына байланысты қолданып отырған ұғымдарды әртүрлі сипаттауы мүмкін екенін ескере отырып, зат пен құбылыстың бір немесе бірнеше нақты сипаттамасына қарап субъективті жақтарын көруге болады. Жоғарыда айтылғандарды саралай келгенде шартты түрде мынадай сұрақтар туындайды:

- мәтінде метамәтін дефинициясы қалай құрылады
- метамәтін дефинициясының құрылысы қандай бөліктерден тұрады;

- тілдің қандай факторлары интерпретацияға ұшырайды;
- тілдің мағына беру аспектілері қандай;
- тілдік құралдар, олардың арасындағы байланыстар қандай;
- ғылыми мәтінде қолданылатын дефиницияның түрлері қалайша жіктеледі.

Алдымен дефиниция құрылысы екі бөліктен тұратынын, біріншіден – ұғымды анықтау, яғни, терминді анықтау, екіншіден дефиниция метамәтін болып табылатынын қарастырсақ. Мұны былай дәлелдеуге болады:

– мета сөзі грек тілінен аударғанда арқылы, яғни метамәтін сөзін мәтін арқылы деп түсінуге болады, дефиницияның екінші бөлігінде терминнің семантизациялануы көрініс береді, осылайша дефиницияның екінші бөлімі – терминнің мағынасын мәтін арқылы ашу (семантизациялану);

– терминнің мағынасын ашу кезінде (семантизациялану) металингвистикалық қызмет жүзеге асады.

Ғылыми мәтінде терминнің мағынасын ашуда осы көрсетілген дәлелдеулер терминологиялық дефиницияның метамәтіні деген түсінікті қолдануға болатынын көрсетеді. Терминологиялық дефиницияның метамәтіні сол мәтіннің мағыналы құрылымының ажырамас бір бөлігі екенін байқаймыз. Дефиниция ғылыми мәтіннің семантикалық негізгі құрылымына енеді.

Ғылыми мәтіндерде автор термин түсінігін беруде көбіне қолданып отырған термин дефинициясына жүгінеді. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: біріншіден, ғылыми мәтіндер терминологиялық дефиницияның қызметін белгілейді (сөздіктерде термин дефинициясы қозғалыссыз статикалық күйде болады), дефиницияның нақты қолданылу аясы мәтін болып табылады, екіншіден, терминологиялық дефиниция бергенде мәтін авторы белгілі бір мақсатты ұстанады, дефиниция қызметінің ерекшелігіне сүйенеді, басқаша айтқанда, мәтінде дефиницияның орындайтын қызметтерін талдағанда дефиницияға жүгінген автордың мақсатына сүйенуге болады.

Ғылыми мәтін таным процесінің көрсеткіші, қорытындысы болып табылатыны белгілі, сондықтан да таным процесіндегі анықтама қызметі ғылыми мәтіндегі анықтама қызметін де орындай алады деп айтуға мүмкіндік бар.

Бұдан шығатын қорытынды термин дефиницияның субституты, яғни қысқартылған дефиницияланған мәтін, термин орындайтын қызметті оның дефинициясы да атқара алады деп ойлаймыз және термин дефинициясының төмендегі қызметтерін белгілейміз.

Аталымдық қызмет – білімді белгілейтін қызмет. Дефиниция әр уақытта анықталатын заттың немесе құбылыс туралы белгілі бір шақта алынған білімнің, таным процесінің белгілі бір кезеңін бекітеді.

Сигнификаттық қызмет кез келген дефиницияда ұғым белгілері мен қасиеті берілетіндіктен, дефиницияларда берілетін ұғым туралы мәлімет болатындықтан бұл қызмет барлық дефиницияларға тән.

Дефиницияны белгілі бір ғылым саласын зерттеуші жасайды, яғни дефиницияның авторы бар. Кез келген мәлімет белгілі бір мақсатта нақты немесе жеке қабылдаушыға арналып жасалады, сондықтан да дефиницияның келесі қызмет түріне білімді беру қызметін жатқызуға болады.

Дефиниция зат немесе құбылыс сипаттамасының қорытындысы болып табылып және әртүрлі ғылымда қысқарту құралы ретінде пайдаланылады. Егер ұғым мазмұнын ашуда пайдаланылатын терминдердің сипаттамасын ғана қолданса, онда ғылымның даму процесі тоқырауға ұшырап еді. Алдыңғы мәтіндердегі бұрынғы білімді қысқартылған, сондай-ақ жинақталған түрде беру арқылы дефиниция құралдық қызметін атқарады.

Дефиниция ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттыру қызметін атқарады. Термин дефинициясы ғылыми коммуникацияның маңызды бөлігі болғандықтан ғылыми ақпараттың сақталу ортасы деп айтуға болады. Ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттыру процесі туралы айтқанда мына екі факторға тоқталамыз: біріншісі қарым-қатынасқа түскен адамдарға заттың қасиеті мен белгілерін талдауға дефиниция қажет, екіншісі, дефиницияның компрессиясы ұзақ сипаттамаларды қысқартып, ғылыми қарым-қатынаста уақытты үнемдейді, ғылыми мақсатты жетілдіре түседі. Жоғарыда аталған дефиницияның тілдегі негізгі қызметтері ғылыми коммуникацияны жетілдіруге қызмет етеді деп айтуға болады. Бұдан дефиниция қызметтері өзара байланысты екенін көреміз.

Дефиницияны тікелей мәтіндегі қызметін қарастыру, яғни ғылыми мәтінде қарастыру мәтіндік дефиницияға тән қызметтерді көрсетеді. Ғылыми мәтінді құру кезіндегі автор іс әрекетіне көңіл аударсақ, онда дефиницияның қандай рөл атқаратынын көреміз. Ғылыми мәтін құру кезінде автор зерттеп отырған нысанға сипаттама береді, ғалымдар пікіріне сүйенеді, болжамдар келтіреді, қорытынды шығарады, жеке өз пікірін білдіреді, міне, осы айтылғандар дефиниция көмегімен іске асуы мүмкін деп тұжырымдаймыз. Дефиницияның мәтіндегі атқаратын қызметі белгілі бір мәтін құру әлеуетіне ие болады деп айтуға болады. Яғни, ғылыми мәтін авторының мәтін құрастыру кезінде терминологиялық дефиниция құрастыруына алып келеді. Бұдан дефиницияның белгілі бір мәтін құраушы әлеуеті бар, ол мәтінде атқаратын қызметінде жинақталады деген қорытындыға келеміз.

Дефиницияның мәтін құру процесі туралы айтқанда мәтін логикасы, стильдік белгісі де туралы айта кетуді жөн көрдік. Ғылыми тілдің маңызды стильдік белгісі бола отырып, логикалық ғылыми жұмсалымдық стильге тән ерекшеліктерді құрайды. Дефиниция ғылыми ұғымдар арасындағы логика-семантикалық қарым-қатынастарды, оларды жеке сөйлем ретінде және мәтіндік шығарма ретінде толық көрсетеді. Олар ғылымдағы өзекті мәселе, болжам, дәлелдеу, ғылыми факт, теорияның құрамына енеді. Дефиницияны тезис-ойдың негізгі кілті, тірек фразасын білдіретін, логикалық және мағыналық құрылымын құрайтын қаңқасы деп айтуға болады.

Дефиниция ғылыми ойлаудың негізгі белгісі, таным әрекетінің қорытындысын көрсете отырып, ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымының ажырамас бөлімі болып табылады. Ол авторға білімнің нақтылығын жинақтап мәтіннің бірдей қабылдануына көмектеседі, мәтіндегі басты тақырып аясында берілгендерді экспликациялайды және тақырыптағы басты фактілерді ашып көрсетеді. Қорыта айтқанда, ғылыми мәтін құрастыруда дефиниция жан-жақты қатысады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М.: Наука, 1982. – 173 с.
- [2] Ахманова О.С. Предисловие // Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – С. 3-4.
- [3] Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1982. – 685 с.
- [4] Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- [5] Гвишиани Н.Б. Метаязык // Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990. – С. 29-30.
- [6] Гвишиани Н.Б. К вопросу о метаязыке языкознания // Вопросы языкознания. 1983. – №2. – С. 258-259.
- [7] Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.